

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгенің 30 жылдығына арналған «Ұлттық валюта – тәуелсіздігіміздің нышаны» республикалық қашықтықтан суреттер конкурсын өткізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

Жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Ұлттық валюта – тәуелсіздігіміздің нышаны» республикалық қашықтықтан байқауының (бұдан әрі – Байқау) ережелері оның мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

1. **Мақсаты:** білім алушылардың Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы – теңге туралы білімдерін кеңейту және тереңдету;

2. Міндеттері:

- a) балалар мен жастардың өз елінің тарихына қызығушылығын өзектендіру;
- b) балалар мен жастардың азаматтық сана-сезімін дамыту;
- c) шығармашылық қабілеттерін дамыту және қатысушылардың ұлттық валюта — теңге туралы қозқарастарын дамыту;
- d) қазақстандық патриотизмге, ұлттық валюта— теңгеге деген мақтаныш пен құрметке тәрбиелеу;
- e) Байқауды Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Бозок» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК өткізеді.

3. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

4. Байқау жұмыстары электронды түрде **2023 жылғы 25 қыркүйектен 16 қазан** аралығында bozok.konkurs@mail.ru электронды поштасына қабылданады.

2023 жылғы 16 қазаннан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды

ӨТІНІМДЕР ТЕК MSWORD МӘТІНДІК РЕДАКТОРЫНДА ҚАБЫЛДАНАДЫ.

5. Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары **2023 жылғы 3 қарашада** bozok.kz сайтында орналастырылады.

Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, байқау материалдарын БАҚ құралдарына жариялауға құқылы.

6. Байқауға қатысу үшін bozok.konkurs@mail.ru электронды поштасына келесі құжаттар жіберілуі тиіс:

-қосымшаға сәйкес толтырылған өтінім;

3. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар.

7. Байқауға жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 6-18 жас аралығындағы білім алушылары екі кіші топта қатысады:

- 1) 6-10 жас;
- 2) 11-14 жас;
- 3) 15-18 жас

8. Байқау екі номинация бойынша өткізіледі:

- 1) «**Банкнотаның үздік бейнесі**» номинациясы;
- 2) «**Монетаның үздік бейнесі**» номинациясы.

Байқауға кез келген материалда (ватман, картон, кенеп және т.б.) орындалған және сурет салудың кез келген техникасында орындалған (май, акварель, тушь, түрлі-түсті қарындаштар, борлар және т. б.)

Ұлттық валюта банкноттар мен монеталардың үздік бейнесіне суреттер кез келген материалда (ватман, картон, кенеп және т.б.) орындалады және кез келген сурет салу техникасында (май, акварель, сия, түрлі-түсті қарындаштар, борлар және т. б.) орындалады.

Байқауға ұсынылған жұмыстар фотоға түсіріліп, JPEG немесе BMP форматтарында электронды түрде жіберіледі. Графикалық файлдың көлемі 3 мегабайттан аспауы тиіс.

Бағалау критерийлері:

- берілген тақырыпқа жұмыстың сәйкестігі;
- тақырыпты ашудың өзіндік ерекшелігі;
- жұмыстың орындалу сапасы;
- дербестік және шығармашылық тұлғалық көзқарас дәрежесі;
- идеяның жаңалығы;
- орындау техникасының күрделілігі.

Байқау жұмысының титулдық бетінде:

облыс, аудан (қала), ауыл; Білім беру ұйымының атауы; автордың тегі мен аты; қатысушының жасы; e-mail, байланыс деректері; басшының тегі, аты, әкесінің аты; номинация.

Байқау жұмыстары бұрын ешбір сайтта жарияланбауы тиіс.

4. Байқауды қорытындылау

9. Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

10. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады. Орын алмаған қатысушыларға сертификат, жеңімпаздардың жетекшілеріне – алғыс хаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттардың электронды нұсқалары bozok.kz сайтында мына сілтеме бойынша <http://bozok.kz> жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады. Анықтама телефоны: +7 (7172) 999-062.

Онлайн дипломдарды, сертификаттарды, алғыс хаттарды жүктеп алудың нұсқасы: bozok.kz → Орталық қызметі → Республикалық іс-шаралар «Ұлттық валюта – тәуелсіздігіміздің нышаны» байқауы → әрі қарай).

Қосымша 1

Байқауға қатысушы туралы мәліметтер

Номинация	Қатысушының аты-жөні	Жасы	Облыс, аудан, қала, (ауыл), Білім беру ұйымының (ҚММ, ММ, КМҚК) атауы	Басшының аты-жөні (толығымен), Басшының байланыс мәліметтері (ұялы телефон,, эл.пошта)